




«МӘДЕНИЕТТІ АНА – МӘДЕНИЕТТІ ҰЛТ»

6-бет



МОЛАДАҒЫ МАНЕЖ

8-бет

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№75 (3606) 6 қазан 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР КӨРІНГЕННІҢ ҚОЛЫНДА ЖҮР



Халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыс істей бастаған кезең ішінде «көмекшілер» атты тұтас институт қалыптасты. Бұл адамдар бейресми, арнайы бекітілген құзыретсіз құжаттарды рәсімдеуге, қызмет алуға көмегін ұсынады.

(Соңы 3-бетте)

ЖАҚСЫНЫҢ ЖҮРГЕН ЖЕРІ - АБАТ

Отандық құқық, заң саласында тамаша таланттар тобы, көрнекті ғалымдар шоғыры қалыптасқан. Сол білікті ғалымдардың бірі – профессор, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, өзі жиырма жылдан аса уақыт жемісті еңбек етіп келе жатқан Д.А. Қонаев университетінің Конституциялық, халықаралық және Кеден ісі кафедрасының меңгерушісі Қабулсалих Айтхожин. Мерейлі жетпіс жасқа үлкен жетістіктерімен жеткен Қабулсалих Көшекұлының қоғамның дамуына, заң ғылымының өркендеуіне қосқан үлесі өлшеусіз.

Университетті үздік бітірген Қабулсалих Көшекұлы 1975 жылы қоғамдық ғылымдар саласы бойынша өткізілген студенттердің бүкілодақтық конкурсының лауреаты атанады. Бұл оның үлкен ғылымға барар жолындағы табысты әрі нәтижелі баспалдағы болды. Соның нәтижесінде заң факультетіне оқытушылық қызметке қалдырылып, 1979–1982 жылдар аралығында университет қабырғасында педагогтік әрі ғылыми тәжірибе жинақтады. 1982 жылы әрбір жастың мүмкіндігі жете бермейтін Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының жанындағы Мемлекет және құқық институтының аспирантурасына түсіп, оны 1986 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. Мәскеудегі аспирантурасын аяқтаған жас маман заңгерлік білім алған өз ортасына қайта оралып, 1986–1998 жылдары ҚарМУ-дің Конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының доценті және Құқық негіздері мен құқықтық тәрбие кафедрасының меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. Профессор Қ.К. Айтхожин 1998–2007 жылдары Қазақ мемлекеттік заң университетінің Конституциялық құқық кафедрасы меңгерушісінің орынбасары және меңгеруші лауазымдарын атқарды. Ол 2007 жылғы қыркүйек айынан бастап Д.А. Қонаев атындағы Гуманитарлық құқық және транспорт университетінің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, қазіргі таңда Д.А. Қонаев университетінің Конституциялық, халықаралық және Кеден ісі кафедрасының меңгерушісі қызметінде жемісті еңбек етуде. Профессор К.Айтхожин академик М.Баймахановтың ғылыми кеңесшілігімен «Қазақстан Республикасы Конституциясының теориялық мәселелері» тақырыбында докторлық диссертациясын тамаша қорғап шықты.

Сонымен қатар, осы жылдар ауқымында профессор өзінің ғылыми-педагогикалық шеберлігін барынша жетілдірген және жоғары деңгейде көрсеткен маман әрі ұлағатты ұстаз ретінде қалыптасты.

(Соңы 4-бетте)

САРАП

ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН ТЕХНИКАНЫ ҚАШАН ЖАҢАРТАДЫ?

Халқының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық ел ауыл шаруашылығына ерекше мән береді. Бұл салаға қатысты мемлекеттік саясатқа жауапты құзырлы орган барлық елде атқарушы биліктің құрамынан орын алған. Қазақстанда да бұл дәстүр берік сақталған. Жеке министрлікке бағынышты басқарма, департаменттер облыс, аудан, қаланың бәрінде бар. Алайда, олар қанша күш салғанымен, ауыл шаруашылығы саласындағы техника мен құрал-жабдықтың жаңаруына айтарлықтай үлес қоса алмады. Технологиялық деңгейдегі жылдық 12,5 пайыздың жаңару қарқыны іс жүзінде 3,5 пайызды ғана құрап отырғаны соның дәлелі деуге болады. Ауыл шаруашылығы техникалары паркінің тозуы 70-80% жеткенін мойындаған министрлер Үкімет пен Парламент отырыстарында оны жаңартуға бюджеттен бөлініп жатқан миллиардтар туралы айтудан жалыққан емес.

Құмға құйған судай боп жатқан қаржының есебін сұраудан депутаттар да жалыққан жоқ. Мәселен, осыдан тура 1 жыл бұрын сенатор Мұхтар Жұмағазиев: «2023–2025 жылдарға арналған бюджетке сәйкес ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға 243 млрд теңге немесе жыл сайын 81 млрд теңге

сомасында қаражат көзделген. Дегенмен, осындай қомақты сомаларға қарамастан саланы техникамен қамтамасыз ету деңгейі өте төмен. Соңғы 5 жылда комбайндар мен тракторлардың бағасы 2 есе өссе, ал биыл олардың бағасы 30%-ға қарыштап кеткен. Министрлік осы бағыт бойынша қандай жұмыс

жүргізіп жатыр? Ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңартудың жаңа тәсілдері мен қаржыландырудың қандай көзі бар?», – деген кезде бұрынғы министр Ербол Қарашөкеев шаруалардың техникасын жаңартуға қосымша қаржы бөлінеді деп сендірген. Нақты айтқанда 3 жылда бюджеттен тағы 355 млрд теңге инвестициялық субсидия қарастырылды. Сондай-ақ, Қазақстанда құрастырылған техникаға да субсидия төлемі қарастырылып отыр. Мемлекеттердің трактор-машина паркін жаңарту деңгейі 2021 жылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше Ресейде – 4,1%, Беларусьте – 6%, Қазақстанда – 4,3% болды. 2025 жылдың соңына дейін бізде осы қарқынды 6%-ға дейін жеткіземіз деген жоспар бар. Биыл бюджетті нақтылау кезінде қосымша 139 млрд теңге субсидия бөлінді. Оның жарты бөлігі инвестициялық субсидия, яғни кредиттік лизингтің мөлшерлемесін арзандатуға бағытталған деген болатын.

Мемлекет басшысының биылғы жолдауында: «Машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы – күрделі мәселеге айналды. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал» деген сөзін ескерсек, бюджеттен бөлінетін қаржының көлемі алдағы жылдан бастап тағы да еселене түсері анық.

Жолдауда: «Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек. Бұл – нақты міндет. Жұртты өнім өңдеуге ынталандыру керек» деген ҚР Президенті Ауылшаруашылық министрлігі тізгінін сеніп тапсырған Айдарбек Сапаровтың бұл міндетті қалай орындайтыны әзірге белгісіз. Ал министрден сұрай-сұрай шыдамы таусылған Мәжілістегі «Ауыл» партиясы фракциясы 20 қыркүйекте Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың атына депутаттық сауал жолдады.

Әріптестерінен қолдау тапқан Ербол Саурықовтың айтуынша, Қаржы министрлігінің ақпаратына сәйкес ауылшаруашылық техникаларын құрастыру өндірісіне соңғы бес жылда 123, 5 миллиард теңгеге мемлекеттің салықтық жеңілдіктері жасалған.

(Соңы 5-бетте)

КИЕ

ТІЛІ БІРДІҢ ТІЛЕГІ БІР

Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында Жоғарғы Сот ауқымды шараларды қола алып жатыр. Солардың ең бастысы деп сот өндірісін мемлекеттік тілге көшіру мәселесін атауға болады. Соған орай мемлекеттік тілдегі сот актілеріне мониторинг жасалады. Судьялыққа үміткерлерді іріктеуде мемлекеттік тілді жетік меңгергендерге басымдық беріледі.

Бүгінгі күні республика соттарының іс қағаздары толықтай мемлекеттік тілде жүргізіледі. Дегенмен, сот құжаттары қазақ тілінде жүргізумен ғана тіл мәселесі шешілмейтінін тәжірибе көрсетіп отыр. Бұған соттарда қаралатын мемлекеттік тілдегі істердің аздығы дәлел.

Сот өндірісінде қазақша істер неге аз десек, оның басты себебін «Тіл туралы» заңның 13, Азаматтық процесстік кодекстің 14-баптарымен байланыстыруға болады. Мысалы, 13-бапта Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілетіні, қажет болған жағдайда, орыс немесе басқа тілдер қазақ тілімен тең қолданылатыны жазылса, 14-бапта (АПК) сот ісінің мемлекеттік тілде жүргізілетіні нақтыланып, «сот ісін жүргізу тілі сотқа талап-арыз берген тілге қарай сот ұйғарымымен беріледі» делінген. Екіншіше қарай, ел тұрғындары,

олардың қорғаушылары мен өкілдері осы заңдылықтарға сүйеніп, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген конституциялық норма мен «Тіл туралы» заңның 4-бабы, яғни, «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстанның әрбір азаматының парызы» екенін елеусіз қалдыруда. Даналарымыз айтқандай, өз халқын, оның тілін қадірлемеген адам басқаны да қадірлемейді. Дәл осы жағдай мемлекеттік тіл мәселесінде көрініп жатқаны ашы шындық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі жолдауында «Қазақ тілі ұлтаралық қатынас тіліне айналуы үшін ел азаматтары жұдырықтай жұмылып, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарулары тиіс» – деді. Президенттің бұл сөзі «Тілі бірдің – тілегі бір» екенін анық ұғындырып отыр.

Тәуелсіздіктің отыз екі жылдығында да «Ауру қалса да әдет қалмайдының» керімен жүргендер қазақша сөйлеу арқылы ел бірлігінің одан әрі нығаюына үлес қосатындарын түсінуі керек. Жұртшылық тек сотта емес, барлық салада, күнделікті тірлікте қазақ тіліне оң көзқарас танытқанда ғана, тілдің қолданыс аясы кеңейіп, мәртебесі

көтерілетіні анық. Осы ретте мемлекеттік тілде сөйлеу заңмен міндеттеліп, қазақ тіліне деген қажеттілік туса артық болмас еді. Талап-арыздардың мемлекеттік тілде жазылуы, сот өндірісінің мемлекеттік тілге көшуіне бірден-бір жол салады.

Тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілдің нормативтік базасын күшейту, сондай-ақ оны түрлі әдістермен, мысалы, ынталандыру, көтермелеу, т.б. шаралары арқылы ғылым және білім, экономика, қаржы, басқару, сот ісін жүргізу, заңнама, БАҚ пен интернет салаларына дендеп енгізу көзделген. Осы үдеден шыға білу мемлекеттік қызметшілерге зор міндет жүктейді.

Жүрегінде отанға деген сүйіспеншілігі бар азаматтар міндетті түрде мемлекеттік тілде сөйлейді. Тілдің толыққанды салтанат құруы тұтас халықтың қолында, ал оны болашаққа жеткізетін – қазіргі жас ұрпақ. Сондықтан, ұрпағымыздың өз тілінде сөйлеуіне әрқашан да мүдделілік танытуға тиіспіз.

Алинасыр КАДЫРОВ,
Қонаев қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

Бүгінгі күні кең таралған қылмыстың бірі – алаяқтық. Атырау облысы Құрманғазы аудандық сотында алаяқтық бойынша 2022 жылдың 9 айында 1 қылмыстық іс түсіп, 2023 жылға қалдыққа қалдырылған, биылғы 9 айда 7 іс түскен. Жалпы 8 істің 2-уі үкім шығарумен аяқталған, 2 іс соттылығы бойынша жолданған, қалған істер сотта қаралуда. Соның ішінде ең қауіптісі – интернет арқылы жасалатын алаяқтық. Ғаламтордағы өккілер, әсіресе әлеуметтік желілерді ұтымды пайдаланып отыр.

АЛАЯҚТАР ҚАЛАЙ АЛДАЙДЫ?

Алаяқтар арбауына түсіп жатқан адамдар аз емес. Әдетте қылмыскерлер әлеуметтік желіге жалған хабарландыру орналастырады немесе аккаунт пен арнайы бет ашып, сайт жасап алады. Осылайша интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы қылмыс жасау белең алуда. Интернет мүмкіндігін оңтайлы пайдаланған алаяқтар әдіс-тәсілін күн сайын өзгертіп, жаңартып отырады. Компьютер, смартфон, планшеті бар адамның кез келген уақытта ақпараттық жүйенің, соның ішінде интернет алаяқтардың құрбанына айналатынын ескертеміз.

пайдаланған интернет алаяқтар құрбанының атынан несие рәсімдеп, жәбірленушілер ешқандай дәлелдеме ұсына алмаған соң, несиені өздері төлеп шыққан фактілер де аз емес.

Одан басқа, кейбір интернет бағдарламаларды смартфон не компьютерге көшіргенде олардың қаншалықты қауіпсіз екендігін білген жөн. Кейбіреулері, мысалы AnyDesk бағдарламасы арқылы, алаяқтар кез келген адамның банктік шоттарына оп-ондай кіріп, әртүрлі операциялар жасау арқылы азаматтардың қаражатын шешіп алып жататыны анықталған. Интернет алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шаралары: дербес деректерді, пластикалық карталар мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламау, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеу, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымын жүзеге асырмау, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпау, кез келген сілтеме бойынша өтпеу, спам хабарламаларға сенбеу маңызды. Осы талаптарды сақтау арқылы әр адам алаяқтардан өзін қорғай алады.

Гульсум ТАСҚЫНБАЕВА,
Құрманғазы аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

САРАП

АЗАМАТТАР АЛҚАБИ БОЛУҒА ЫНТАЛЫ ЕМЕС

Мемлекет басшысы 2022 жылғы жолдауында сот төрелігін жүзеге асыру ісіне қоғам өкілдерін кеңінен тарту қажеттігін айтты. Оның бірден бір жолы – алқабилер қарайтын істердің санатын кеңейту. Осыған байланысты Қылмыстық процесстік кодекске тиісті өзгертулер енгізіліп, ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамы он төрттен 35-ке дейін артты.

Дегенмен, ел азаматтары сот төрелігіне қатысуға, яғни алқабі міндетін атқаруға ынталы емес. Үнемі сот жұмысын сынайтқындардың өзі азаматтық белсенділік танытып, сот төрелігіне қатысуға құлық таныта бермейді. Алқабилерді іріктеу сатысында көбі түрлі сылтау айтып, сот залынан сытылып шығуды жолын іздейді. Бұған бірнеше себеп бар. Біріншіден, азаматтар өзге адамның тағдырына қатысты шешім қабылдау ісіне араласқысы келмейді. Екіншіден, жұмыстан сұранып, басшысына жаманатты болуды артық санайды. Үшіншіден, қоғамдағы құқықтық сана және азаматтық белсенділік әлі де төмен.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап алқабилердің қарауына жататын құқық бұзушылықтар саны 44-ке дейін ұлғаймақ. Олардың қатарына тек аса ауыр ғана емес,

ауыр санатқа жататын қылмыс құрамы да қосылады. Атап айтқанда, алқабилердің қарауына адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соғатын және көбіне қоғамдық пікір туғызатын 13 қылмыс құрамын беру ұсынылып отыр. Олар: адамның дене мүшелерін заңсыз алу; азаптау; ауыр салдарға әкелген балық пен басқа да су жануарларын заңсыз аулау; ауыр салдарға әкелген заңсыз аң аулау; көлік құралын басқарғанда абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы; көлік құралын мас күйде басқарып екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы; көлік құралын басқару құқығынан айырылған және мас күйінде көлік басқарғанда адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы; рейдерлік және медициналық қызметкердің әрекетінен абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелу. Аталған өзгеріс еліміздің сот жүйесінің одан әрі ілгерілеуіне оң әсерін тигізеді деген ойдамыз, себебі алқабилер соты қылмыстық процесстің негізгі қағидаттарын, яғни жарыспалылық пен тараптардың теңдігі, кінәсіздік презумпциясын және басқа да қағидаттарды бекітуде маңызды оң рөл атқарады.

Б.ШАЛҒЫМБАЕВ,
Қарағанды облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

МЕЖЕ

РЕФОРМАЛАР ҮЛКЕН ӨЗГЕРІСКЕ БАСТАЙДЫ

Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев айтқандай, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тек күшті және тиімді сот қана сенімді қорғай алады. Сондықтан мемлекеттегі тұрақтылық пен қоғамның барлық институттарына деген сенім қалыптасуы үшін әрбір судья кәсіби білікті, адал және төзімді болуы керек.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесіндегі реформаларды сапалы жүзеге асыру және қоғамның соттарға деген сенімін арттыру, сондай-ақ азаматтардың құқығын қорғауды күшейту жұмыстарын үнемі қадағалап, назарында ұстап отырады.



Елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізілді. Сала

қызметі Ата Заңымыз бен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңымен айқындалған. Қазақстандық сотта қолға алынған реформаның негізгі мақсаты – сотқа сенімді қалыптастыруға бағытталған.

Соңғы жылдары соттарды материалдық-қаржылық тұрғыда жеткілікті қамтамасыз ету, соттарды жергілікті билік органдарының ықпалынан арылту, судьялықтан үміткерлерге қойылатын талапты қатайту, соттарға кәсіби біліктілігі мен этикасы жоғары азаматтардың келуін қамтамасыз ету мәселелеріне барынша көңіл бөлінді. Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесінде Қазақстанның сот жүйесі алыс-жақын көрші елдердің құқықтық моделіне негіз болады. Бұл халықтың сотқа деген сенімінің арқасында қол жеткен жетістік. Сонымен бірге соттарды біріктіру бойынша жұмыс жүріп жатыр. Сот әр жерде бөлек орналасқаннан гөрі, неғұрлым біріктірілген болса, соғұрлым судьялардың қатары көбірек және төрағалардың саны азаяды. Бұл жаңашыл әдіс істерді бөлуді жеңілдетеді және судьяларға түсетін жүктемені теңестіреді деп күтілуде. Судьяларға да, адамдарға да дауды шешуді жеңілдету үшін қажетсіз бюрократия жойылып, электрондық сот төрелігі енгізілді.

Қазір сот пен судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, судьялар корпусын білікті заңгерлермен толықтыру, сондай-ақ сот үдерісінде азаматтар мен бизнеске берілетін кепілдікті күшейту бағытында ауқымды жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, сот қызметін аналитикалық тұрғыда күшейту, облыстық сот төрағаларының жауапкершілігін арттыру мәселесі де назардан тыс қалған емес. Мұндай реформалар үлкен өзгерістерге алып келеді және ол сот мәртебесін одан әрі арттыра түседі деп сенеміз.

Айгүл БОРАШЕВА,
Маңғыстау облысы экономикалық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ПІКІР

ТҮСІНІСТІК ЖОҚ ЕЛДЕ БІРЛІК БОЛМАЙДЫ

Тіл – қай елде, қай ұлтта болсын қастерлі, қасиетті. Сондықтан ана тіліміздің өркендеуі, қанатын кең жаюы үшін қызмет ету кез келген азаматтың бұлжымас міндеті болуы керек.



қолға алар едім. Себебі, тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді. Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды» деуі бекерден бекер емес.

Мемлекеттік тіл қазақ тілін осы елдің жерін басып жүрген тұрғындардың бәрі білуі міндетті. Одан кейін, елімізде бірнеше тіл меңгерген деген адамға да мүмкіндік жоқ емес. Әртүрлі тілді білім көкжиегін кеңейту үшін меңгеру қазіргі заман талабына айналды. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген даналық сөз бар. Бірақ, барлық тілдердің басында өзінің ана тілі тұруы керек.

«Тіл болашағы – мемлекет болашағы» дейтін болсақ, мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясын сот саласында Ата Заңымыздың аясында барынша кеңейту әрбір судьяның парызы деп түсінуіміз керек.

Бақытбек ОМАРОВ,
Ақтөбе қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін

Қытайдың атақты философы Конфуцийдің тілге қатысты «Егер

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰРМЕТ

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР КӨРІНГЕННІҢ ҚОЛЫНДА ЖҮР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер аталған қызметтердің ақысы орынды болып, білікті көмек көрсетілсе, онда тек қолдау қажеттігі сөзсіз. Өкінішке қарай, тәжірибе көрсетіп отырғандай, көмекшілердің алаяқтығы, сыбайластық пен қылмыс жасайтындығының сыртында, басқа азаматтардың жеке мәліметін ұрлау қаупі бар. Нарықта белгілі деңгейде сұранысқа ие болып отырған «көмекшілердің» азаматтардың асығыстығын, заңнан хабарсыздығын, сауатсыздығын пайдаланып, тақырға отырғызып кетіп жатқан жағдайлар аз емес. Бұл жөніндегі бұқаралық ақпарат құралдарында да айтылып жатыр. Енді осы көмекшілер ресми мәртебе алмақ. Бұл олардың өздеріне жүктелген қызметті кәсіби тұрғыда атқаруды жолға қойып, жауапкершілігін арттырумен қатар, төлемақыларының ашықтығын қамтамасыз етеді деген үміт бар.



Мұндай жаңашылдықтар Парламент Мәжілісінде бірінші оқылымда мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік корпорация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасын талқылау кезінде белгілі болды. Жаңа құжат депутаттардың бастамасымен дайындалып, аталмыш талапты депутаттар қосқан екен.

Баяндама жасаған депутат Данабек Исабековтың айтуынша, заң жобасының мақсаты мемлекеттік қызметтерді көрсетуді оңтайландыру және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының жұмысын жетілдіру. Сол үшін мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін және дербес деректерге қолжетімділігі бар мемлекеттік корпорация қызметкерлерін мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестіру көзделді. Баяндамашының айтуынша, бұл түзетулер мемлекеттік корпорация қызметкерлері тарапынан дербес деректерді теріс пайдалану мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға, азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Қолданыстағы заңнамада көзделген құқық бұзушылықтар жасалған жағдайда, мемлекеттік корпорацияның осы қызметкерлері мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілгендерге теңестірілген тұлға ретінде жауапты болады.

Сонымен қатар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ұғымы бұл ұйымнан қызмет бағытына нұсқауларды алып тастау жолымен оңтайландырылмақ. Бұл бірыңғай провайдер арқылы көрсетілетін қызмет түрлерін ұлғайту арқылы үздіксіз жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ал, заң жобасындағы тағы бір норма мемлекеттік корпорацияға ақпараттық жүйе шеңберінде өтініштерді қабылдауды ұйымдастыру құзыретін

беру арқылы азаматтарға әкімшілік органдарға жүгінуге, жауап алуға, сондай-ақ өтініштерді қарау сапасын бақылауға мүмкіндік беретін пилоттық режимде тексерілген жүйені («Е-өтініш») пайдалануды заңнамалық тұрғыдан бекітеді.

Депутаттардың сауалына орай «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес АҚ басқарма төрағасы Сүйеніш Әбілдиннің айтуынша, көмекшілер институтына қатысты берілген ұсыныс негізді. Қаралып отырған заң аясында ол ақылы сервистік қызмет ретінде айқындалып, оның ашықтығы, сапалы жүзеге асуы, төлемақысының негізділігі қамтамасыз етіледі. Түскен қаржы корпорацияның материалдық-техникалық базасын нығайтып, қызметкерлердің жалақысын көбейтуге жұмсалатын болады. Депутаттар осы заң жобасы аясында мемлекеттік корпорация функцияларының бәсекелестік ортаға ауысу мүм-

Жиында арнайы сөз алған депутат Мұрат Әбенев бұл пікірді жоққа шығарды. Ол тіпті қаралып отырған құжаттың мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға емес, керісінше онда байқалып отырған сыбайлас жемқорлықты арттыра түсетінін айтып дабыл қақты. Әсіресе, азаматтардың жеке деректерінің теріс ойландырылуы адамдарға қолжетімді болуы алаңдатарлық жағдай. Расында бүгінде арнайы шетелдік боттар арқылы кез келген азаматтың толық ақпаратын табуға болатыны жаңалық емес. Бұл орайда депутаттың сөзінің шындығына ешкім де еш шүба келтіре алмайды.

— Сіздер әлеуметтік желіде отырып, барлық деректеріңізді жариялаған шығарсыздар деп кінәлайсыздар. Бірақ бұл ұшқары пікір. Өзімізді өзіміз алдауға болмайды. Қазір ғаламторда кім қай кезде, қандай пәтер алды, туысқандары қайда тұрады, қандай көлік алды, тіпті, уақытша қай жерден пәтер жалдады, қысқасы, барлық ақпарат тұр. Кеше бір таныс «электронды үкіметпен телефонды өзгерте қойып едім, бір аптадан кейін жаңа телефоныма алаяқтар хабарласып жатыр» деді. Заң осындайларға тосқауыл қою керек. Бірақ, менің ойымша, бұл құжат біржақты болып кеткен. Осы салада қызмет атқаратын азаматтардың әлеуметтік жағдайы, олардың статусы, тіпті оларға қарсы әрекет жасауды мемлекеттік қарсы әрекет жасауға теңестірейік деп, бөлек шығарып, Еңбек кодексіне мемлекеттік корпорацияда қызмет ететіндерге ерекше мәртебе әперіп жатырсыздар. Мұндай дәреже мұғалімдерде, дәрігерлерде жоқ. Негізінде олардың жа-

Депутаттарды алаңдатқан тағы бір мәселе – жеке деректердің қауіпсіздігіне қатысты болды. Корпорация басшысы енді тек биометриялық, идентификациядан өткендер ғана қызмет алу мүмкіндігін иеленетінін жеткізді. Бұл жеке секторға да қатысты. Мұның бәрі дербес мәліметтердің қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ететін тетік болады деген үміт бар.

кіндігіне қатысты алаңдаушылық білдірген еді. Олардың айтуынша, заң жобасындағы нормалар мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктерде қолданылмайды. Бұл жағдай қызмет сапасына көлеңке түсіруі мүмкін. Әбілдин мырза бұл орайда мемлекеттік корпорация бірыңғай провайдер болғанымен, мемлекеттік қызметті азаматтар EGOV порталы, банктердің қосымшасы арқылы да алуға мүмкіндігі барлығын айтты.

Қазіргі таңда Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы алатын қызметтер 20 пайыздан артық емес. Сондықтан корпорация қазірдің өзінде арнайы құқық нысаны емес. Екіншіден, мемлекеттік қызмет жеке субъектілерге көшуі үшін олардың техникалық құралдары дұрыс болуы керек. Мұндай жағдайда мемлекеттік қызметтердің сапасы, қолжетімділігі артады. Қазіргі уақытта серпінді жоба ретінде «Казпошта» арқылы ауылдық жерлерде мемлекеттік қызмет көрсетілуі. Осының бәрі халқымызға мемлекеттік қызметтердің көрсетілуін жеделдетеді.

Депутаттарды алаңдатқан тағы бір мәселе – жеке деректердің қауіпсіздігіне қатысты болды. Корпорация басшысы енді тек биометриялық идентификациядан өткендер ғана қызмет алу мүмкіндігін иеленетінін жеткізді. Бұл жеке секторға да қатысты. Мұның бәрі дербес мәліметтердің қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ететін тетік болады деген үміт бар.

уапкершілігін арттыру керек еді. Өйткені, қызмет сапасы өте төмен. Берілген өтініш бір-біріне жолданып, айлап орындалмайды. Құзырлы орын басшылары мұны қателік ретінде мойындап, жоюға құлық танытпайды, сотқа беріңдер дейді. Сондықтан бұл заң арқылы олардың мәртебесімен қатар, жауапкершілігі де күшейту керек, – деген еді.

Сонымен қатар, Әбенев мырза көмекшілерге қатысты ұстанымын да ортаға салды. Депутаттың айтуынша, бұл норма қабылданса, құжаттарды дайындау ісін әдейі қиындатып, солардың көмегіне жүгінуге мәжбүрлеу артады. Олардың қызметін заңдастыру арқылы корпорация тек пайда табудың соңына түседі. Жалпы, жауапкершілігі көп, пайдасы аз жұмыстарды бизнес ортаға беруге ұмтылыс бар. Осының бәрін ашына жеткізген Әбенев заң жобасын бұл күйінде қолдамайтынын мәлімдеді. Құжат екінші оқылымда жан-жақты пысықталып, толыққанды заңға айналуы керек. Өйткені, оған қайта соғу қиын болады да, мұның зардабын қарапайым халық тартады.

Депутаттың бұл ойымен келіспеске шара жоқ. Жалпы заң жобаларының асығыс дайындалуы, халық мүддесінің толыққанды ескерілмеуі жиі байқалады. Мұндайда депутаттық корпусстың тегеурінділігі қажет-ақ.

**А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»**

Баланың бас ұстазы – ата-анасы. Одан кейін өмір жолының даңғыл, бағдарының түзу болуы мектептегі мұғалімдерінің білімі мен қамқорлығына тікелей байланысты. Бүгінде биікке жеткен, елге тұтқа болып жүрген азаматтардың бәрі ұстаздың алдынан өткен, мұғалімнің тәрбиесін көрген. Ардақты ақын Мағжан Жұмабаевтың «Алты Алаштың басы қосылса, төр – мұғалімдікі» деп қадір тұтуы сондықтан.

ҰСТАЗЫҢДЫ АТАҢНАН ДА ӘЗІЗ ТҰТ



Мемлекеттік мерекелер тізіміне сәйкес, республикада Мұғалімдер күні осы уақытқа дейін қазан айының бірінші жексенбісінде тойланып келген еді. Биылдан бастап бұл мереке 5 қазанға ауыстырылды. Себебі, әлемнің 100-ден астам елінде 5 қазан – Дүниежүзілік мұғалімдер күні ретінде атап өтіледі. Мұғалімдер күні – білім беру саласындағы қызметкерлердің барлығына ортақ кәсіби мереке. Бұл күні ұстаздар қауымының қоғам дамуындағы рөлі мен еңбегі, оған қосатын зор үлесі аталып өтіледі. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бүгінде Қазақстанда мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 556 мың педагог еңбек етеді. Осы ұстаздардың барлығы құрмет пен алғысқа лайық.

Ал біз сөз еткелі отырған Танекова Клара Қалиасқарқызы саналы өмірінің 33 жылын ұстаздық жолға арнап, білім саласында елеулі қызмет етіп жүрген ұстаздардың бірі. Білікті маман Қостанай облысы, Арқалық қаласында, Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік жоғары оқу орнында физика-математика факультетін бітіріп, еңбек жолын Мақтаарал ауданы, Береке орта мектебінің мұғалімі болып бастады. Көп жылдан бері Түркістан облысы, Шардара қаласы М.Горький мектебінде физика-математика пәнінен дәріс берді. Бүгінде Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектепте шәкірттер тәрбиелеуде. Ұстаздың облыстық, аудандық білім жүйесіндегі үлесі, білім беру мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы және жетілдірудегі шығар-

машылық еңбегі еш кетпеді. Ол түрлі дәрежедегі Мақтау қағазымен Құрмет грамоталарымен, арнайы төс белгілермен марапатталды.

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаз. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді, абзал жандар. Жалпы, ұстаздық мамандыққа келетін болсақ, бұл үлкен тәрбие жолы. Өз кәсібін шын берілген ұстаздар әрдайым шығармашылық пен ізденісте болады. Ұстаздықты үлкен тағылымы терең өнерге балап жататыны да сондықтан болар. Мұғалім болу – әркімнің қолынан келеді. Ал, нағыз ұстаз болу үшін көп еңбек пен тер төгу қажет.

«Бала тәрбиесі – тамыры тереңге кеткен қатты да жұмсақ, қатал бола тұрып, мейірімді талап ететін ерекшелік. Кез келген ағашты қолдан майыстырса, сынып кетеді. Ақылың мен қамқорлығыңды танытып, жас баламен дос болып, ақылдаса, сырласа жүріп тәрбиелеу керек. Өз отбасын сүйген бала Отанын да сүйеді. Мысалы, мен оқушыларды тәрбиелеп жүріп, өзім де тәрбиелендім. Балаларыма өз бойымдағы бар асыл қасиетті қалай берсем, өзім де балаларымнан сондай тазалықты, іңкәрлікті ала білдім», – дейді еңбегі елге елеулі, өз балаларына ғана емес, бүкіл шәкіртіне ана һәм ұстаз бола білген Клара апай.

«Ұстазсыз шәкірт тұл» дегендей, Клара апайдың да шәкірттері бүгінгі күнде әр салада қызмет жасап, еліміздің гүлденуіне тер төгіп жатыр.

«Дүниеде көп адамды бақытқа кеңелткен адам бақытты», – деген ұлағатты сөз бар. Қаншама шәкірттің қолына бақыт, білім кілтін ұстатқан ұстаз Клара Қалиасқарқызы – бақытты жан, ардақты ана, аяулы әже. Жолдасы Нұржан ағамен 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, 3 немере сүйіп отыр. Балалары жоғары білімді мамандар.

Жан-жағы ұрпағымен жайқалып отырған Клара апайымызға денсаулық тілеп, әлі де қоғамға пайдасын тигізіп, ұрпаққа, ізінен ерген әріптестеріне үлгі бола берсін деген тілегіміз бар.

**Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»**

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКА

ШОТ-ФАКТУРА БОЙЫНША ЖАЛҒАН АҚША АЙНАЛЫМЫ 1 ТРИЛЛИОННАН ЖОҒАРЫ

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті көлеңкелі экономикаға қарсы күрес шеңберінде «жалған» шот-фактураларды жазып беруге бейім компанияларға қатысты биометриялық сәйкестендіруді пайдалану жоспарын жариялады. Өйткені, қаржылық құжаттарды тауарларды сатпай немесе жұмыстарды орындамай ресімдеу фактілері анықталуда. Салық органдары 2021 жылдан бастап тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде компанияларды тіркеуге және шот-фактураларды жазып беруге қатысы жоқ 2,6 мыңнан астам құрылтайшы мен басшыны анықтады. Соған сүйене отырып сот органдары тіркеуді және қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы 3,9 мыңға жуық шешім шығарды. Шот-фактуралар бойынша жалған айналым сомасы 1 трлн теңгеден асты.

Цифрлық жоба биометриялық сәйкестендіруді тек ерекше жағдайларда және жоғары тәуекел дәрежесінде қолдануды көздейді. Нақты айтқанда электрондық шот-фактураларды жазып беретін компаниялардың шамамен 1% қамтиды. Digital-ID процедурасы бизнесіне шектемейді: оны күніне бір рет кез келген ыңғайлы уақытта өту керек.

Мемлекеттік кірістер комитетінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, салық органдары биометриялық деректерді жинауды жүзеге асырмайды, тексеру электрондық үкімет порталында пайдаланылатын сервистерде жүзеге асырылатын болады. Осы арада Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді алу кезінде осыған ұқсас технологияның екі жылдан астам уақыттан бері қолданылып келе жатқанын айта кеткен жөн.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**



ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН ТЕХНИКАНЫ ҚАШАН ЖАҢАРТАДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Біз отандық өндірістің дамуына қарсы емеспіз, керісінше, қолдаймыз, себебі олар мыңдаған адамға жұмыс беріп отыр. Алайда жоғарыда айтылған бюджеттік шығындарды бір жұмыс орнына шақсақ, әр орынға айына 1 миллион 376 мың теңге жұмсалып екен. Мұндай өзін-өзі ақтамайтын шығын бізге қаншалықты қажет? Отандық техника өндірушілер кедендік салымнан, қосылған құн салығынан, утилизациялық алымнан босатылған. Бұған қоса оларға индустриялық аймақтардағы қойма мен өндірістік нысаналар, қажетті инфрақұрылымға қосылу тегін», деген Ерболат Саурықов, мемлекет тарапынан жасалған осыншама қолдауға қарамастан Қазақстанда жиналған ресейлік және беларусьтік техника бүгінде 2 еседен астам қымбаттағанын жеткізді. Мысалы, 2019 жылы бағасы 43,6 миллион теңге болған «VECTOR 410» комбайнның құны 2022 жылы 93,4 миллион теңгеге көтерілген. Ал «ACROS 550» комбайны 2019 жылы 39,9 миллион теңгеге саудаланса, 2022 жылы оның бағасы 112 миллион теңгеге бір-ақ шарықтаған.

«Бірінші, мемлекеттен барлық жеңілдікті алып, бюджеттен қаржылық қолдау көріп отырса да, техника бағасын соншама аспандатқан отандық өндіріс қаншалықты қажет? Екінші, Президентіміздің халыққа жолдауындағы техниканы жыл сайын 8-10 пайызға жаңарту жөнінде берген тапсырмасын осыншалықты қымбат бағада қалай орындамақшысыздар? Еліміздің тіркеліп жинаған бюджетін оңды-солды шашуға болмайтынын ескеретін уақыт жеткен сияқты. Үшінші, бәсекелестікті дамытып, техника бағасының қолжетімділігін арттыру үшін импорттық техникаға да неге осындай жеңілдіктер берілмейді? Утильалымды жою жөніндегі халық тілегі неге ескерілмейді? Төртінші, өндірісті локализациялаған мекемелерге Үкімет тарапынан баға бойынша, елімізде қосалқы бөлшек шығару бойынша қашан нақты талап қойылады? Олар осы күнге дейін тіпті бұранда шығаруды да жолға қоюға тырысқан емес. Бесінші, биыл бағаны соншалықты шарықтатқан отандық ауыл шаруашылығы техникасын құрастырушы компаниялардың бағаны шектен тыс көтеріуіне себепші болған факторларды айтыңыздар» деген депутаттар сауалына Үкімет басшысы 1 айдың ішінде өз жауабын беруі тиіс.

Мәжіліс мәселеге араласты

Мәжілісте бейсенбі күні Аграрлық мәселелер комитетінің тақырыптық отырысы өтті. Комитет төрағасы Серік Егізбаевтың айтуынша, ол Мемлекет басшысының машина-трактор паркін жаңарту туралы тапсырмасына сәйкес осы мәселеге арналды. Бұл іс-шараның бастамашысы депутат Жигули Дайрабаев болып отыр.

– Пайдалану мен жөндеудің техникалық шарттары бойынша трактор, комбайн және басқа да техникалар 15 жылдан кейін есептен шығарылуы тиіс. Ал елімізде қолданыста жүрген техниканың 60% мерзімі өтсе де, қолданыстан



шығарылмаған. Тозығы жеткен техниканы пайдалану жанар-жағармайға жұмсалатын шығындардың 20% артуына, жалпы жиналымның 14% дейін жоғалуына әкеп соқтырады. Фермерлердің жыл сайынғы жөндеулерге, қосалқы бөлшектер сатып алуға және дизель отынын тұтынуға жұмсайтын шығындары дәл осы ескірген ауыл шаруашылығы техникасына тиесілі, – деді Ж.Дайрабаев. Оның сөзіне қарағанда, біздің өз металымыз жеткілікті және Қазақстанға арналған қосалқы бөлшектерді, яғни жоғары технологияны талап етпейтін бөлшектерді өндіруге болады. Алайда, кәсіпорындар өндіріс үшін шикізатты Ресейден сатып алуға. Яғни, көрші елдің экономикасына жұмыс істеп жатырмыз. Мысалы,

малары іске асырылуда. Біріншісі, инвестициялық шығындарды субсидиялау. Онда ауылшаруашылық техниканы сатып алу құнының 25-30 пайызы мемлекеттік бюджет есебінен өтеледі. Инвестициялық субсидиялау бағдарламасы өтінім берушінің қалауы бойынша инвестициялық субсидиялар, лизинг берушіге аванстық төлеммен аударылуы мүмкін. Бұл ретте бастапқы жарна проблемасы шешілгенін атап өтуге болады. Екіншісі, ауылшаруашылық техниканы сатып алуға кредиттерді лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау.

– Аграршылар тарапынан ауылшаруашылық техникасына үлкен сұранысты ескере отырып, 2022

рағанда, Президенттің жолдаудағы тапсырмасы бойынша министрлік келесі шараларды қабылдауда. Бірінші, техниканы сатып алуды инвестициялық субсидиялау, сондай-ақ ауыл шаруашылық техникасын лизинг, кредиттеу кезінде пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау бағдарламаларын ары қарай жалғастыру. Ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдікті лизингін, оның ішінде «Жасыл даму» қаражаты есебінен қаржыландыру көлемін ұлғайту. Екінші, ҚР Фермерлер одағы мәселе көтеріп 40 млрд теңге бөлінген болатын. Соның нәтижесінде 1053 техника сатып алынды. 872 ауыл шаруашылық тауарын өндіруші осы техникаларға ие болды. Ол жерде қаржы бастапқы жарнасыз 6 пайыздық мөлшермен берілген болатын. Фермерлер одағының мәліметі бойынша былтыр 4 мыңға жуық өтінім қарастырылмай қалды. Соның нәтижесінде биыл қайтадан ақша сұралып, 20 млрд теңге қосымша бөлініп, 23 қыркүйекте Үкімет қаулысы шықты. Ол да 6 пайызбен берілетін болады. Жалпы, 500-ден астам техника алынады деп жоспарлануда. Үшіншіден, министрлік ҚазАгроҚаржымен бірлесіп ауылшаруашылық техникасын және суарудың ұтқыр жүйелерін сатып алуға биылдан бастап жылдық 6 пайыздық қаржыландырудың жеңілдікті мөлшерлемесі бойынша 20 млрд теңге жеңілдікті лизинг бағдарламасы 15 пайыздық аванстық төлеммен лизинг мерзімі 10 жылға дейінгі уақытта іске асырылып жатыр.

2025 жылдан бастап ауылшаруашылық санағы жүреді

Ауыл шаруашылық техникасын есепте алу мен тіркеудің тігінен интеграцияланған жүйесінің болмауы өзекті мәселе. Саала жауапты вице-министрдің есебіне қарағанда, 2010 жылы техникалық инспекторлардың барлығы жергілікті атқарушы органдарға берілді. Оларда қазіргі таңда 1 маман отырады. Оның өзі ешқандай инспекцияға қатысы жоқ маман. «Облыс әкімдіктерінде талап жоқ. Кімді болса соны алады. 3 ай сайын жаңарып отырады. Ол тек статистика жинаумен айналысып отыр. Ешқандай инспекциялық жұмыстарды жүргіз-

бейді. Сол себепті инспекциялық жұмыстарды Ауылшаруашылық министрлігіне қайтару туралы мәселені қойғымыз келіп отыр. Заң жобасына ұсыныс беріледі. Екінші, тіркелетін ауылшаруашылық техникасының бірыңғай электрондық паспортының болмауы. Ғылыми негізделген норма бойынша 1 комбайн 800 гектар орады десек 15 млн гектар астық орылатын елімізге 20 мың комбайн жеткілікті. Жигули аға 60-70 жыл бұрынғы техникалар әлі есепте деп айтып кетті. Осыған байланысты қазіргі таңда Өнеркәсіп, құрылыс министрлігімен бірге электрондық паспорттың жобасын бастадық. Қазір Қостанай облысында және Алматы қаласында пилоттық жоба жүзеге асырылуда. Сәтті болса, келесі жылдан бастап бүкіл Қазақстанға таратамыз», – дейді Әбілхайыр Тамабек. Оның айтуынша, бүкіл техникалардың қайтадан электрондық паспортты жасалған кезде ғана оның нақты саны белгілі болады. 2025 жылдан бастап ауылшаруашылық санағы жүреді. Қазір олар техникаларға қайтадан санақ жүргізу бойынша мәселені Статистика комитетімен пысықтауда.

Үшінші мәселе, машина-трактор паркінің қажеттілігі мен жаңарту деңгейінің әдістемесін әзірлеу қажеттілігін депутат Анас Ахатұлы бірнеше жерде қозғаған. Қолданыстағы методика 1990–2000 жылдар аралығында жасалған. Ол методика қазір ескіргендіктен ешқандай нәтижесін бермейді. Сол себепті, министрлік тарапынан 2024–2025 жылдарға арналған бағдарламалық нысаналы қаржыландыруға осы мәселе де енгізіліп отыр. Яғни, жаңа методиканы әзірлегеннен кейін ауылшаруашылық паркіндегі нақты жаңарту деңгейі анықталатын болады.

Елде ауылшаруашылық техникасын өндіретін 8 өндіріс орны бар

Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Илияс Оспановтың айтуынша, бүгінгі таңда елімізде 8 ірі отандық зауыт жұмыс істейді. Онда қуаттылығы әртүрлі оннан астам трактор бренді және модификациялары, сондай-ақ астық жинайтын және жем-шөп жинайтын комбайндардың бестен астам бренді шығарылады. 2021 жылы отандық зауыт шамамен 162 млрд теңге сомасына 8844 бірлік техника өндірді.

Лизинг бағдарламаларына да тоқталған вице-министр оның 2 тетігін атап өтті. Біріншісі, өнеркәсіптік 2018–2022 жылдары 33 млрд теңге бөлініп, бүгінгі таңда осы бағдарлама шеңберінде 1320 бірлік трактор мен комбайндар қаржыландырылды және нарыққа қолданысқа берілді. Бұл қаражат револьверлік сипатқа ие және 2043 жылға дейін істе болады. Алайда, револьвердің саны қазір 60-ақ техникаға жетіп отыр. 2043 жылға дейін техниканың бағасы бірталай өседі. Соның есебінен ол ары қарай да азаюы мүмкін. Екіншісі, «Жасыл даму» желісі бойынша 2022 жылы 40 млрд теңге бөлінді. Қазір 852 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне 39,6 млрд теңге сомасындағы 1072 бірлік ауылшаруашылық техникасы берілді. Оның ішінде 19,7 млрд теңгеге 882 бірлік трактор, 19,8 млрд теңгеге 190 бірлік комбайн сатып алынды. Бұл да револьверлік қаражат. Қыркүйек айынан бері 48 ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 58 бірлік техника сатып алынды. Яғни, жыл сайын бұл бағдарламалар бойынша револьверлік жолмен 100-120 техника сатып алуға мүмкіндік бар.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ербол АМАНЖОЛУЛЫ, maltabu.kz тегін ауыл шаруашылығы хабарландырулар сайтының несі:

– Министрден де, Үкімет басшысынан да үміт аз. Саладағы ахуал тек бүгін ғана белгілі болған жоқ. Ол ұзақ уақыттан бері айтылып, жазылып, көрсетіліп келе жатқан дүние. Біздің шенеуніктер халықты сана емес, Президентті де алдауға әбден төселіп алды. Мәселен, Мемлекет басшысы Жамбыл облысы Қостөбе ауылы тұрғынының қосалқы шаруашылығына барған кезде, еңбекқор жігіттің кәсібіне табыс тілеп, өз атынан біз жасайтын отандық «Қомагай» жем-шөп турағышын сыйға тартамын еді. Алайда ішкі нарықта бәсекеге қабілеттілігі дәлелденіп, үй жағдайындағы жеке шаруашылықта да, фермерлік шаруашылықтарда да зор сұранысқа ие болып отырған өнім өндіруші ретінде біз мемлекет тарапынан еш көмек ала алмай жүрміз. Ал мемлекеттік субсидияға түрлі жолмен қол жеткізген кейбір «пысықтар» бізден көтерме бағамен сатып алып, оны өзгелерге үстіне ақы қосып оңай табыс табудың жолын тауып алған. Мұндай көзбояушылықтың алдын алмай, ауыл шаруашылығы саласындағы техника мен өзге де құрал-жабдықтарды жаңартуды үдету қиын.

Ақмола облысы Ақкөл қаласында орналасқан Комсомол механикалық зауыты сепкіш, соқа, кескіш, тырма сияқты ауыл шаруашылық техникасы мен жабдықтары арналған қосалқы бөлшектерді өндіреді. Сонымен қатар, ауылшаруашылық техникаларын жөндеу бойынша қызметтер көрсетеді. Шығарылған өнімдердегі қазақстандық үлес 70% дейін жетеді. Өндірістік қуаттылығы солтүстік өңір фермерлерінің сұраныстарын жабуға толық мүмкіндігі бар.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Әбілхайыр Тамабектің айтуынша, министрлік тарапынан фермерлерді ауыл шаруашылық техникасын жаңартуға ынталандыру үшін жағдай жасауда мемлекеттік қолдаудың келесідей бағдарла-

жылы министрлік инвестициялық шығындарды субсидиялау бағдарламасының бюджеті 72-ден 115 млрд теңгеге дейін ұлғайтты. Ауылшаруашылық техникасын сатып алуға лизингіндегі сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау 43 млрд-тан 81 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Бұдан басқа «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы іске асырылатын ауылшаруашылық техникаларына жеңілдікпен кредит беру бағдарламалары барын атап өткім келеді. Қабылданған шаралардың арқасында 2023 жылы 130 млрд теңге сомасында 17,3 мың бірлік техника сатып алынды. Біз ауылшаруашылық техникасы паркін жаңартудың әлі де төмен деңгейде екенін түсініп отырымыз, – дейді Әбілхайыр Тамабек.

Вице-министрдің сөзіне қа-

лар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған көмелетке толмағандар ала алады. Сондай-ақ, жыныстық зорлық-зомбылық, адам саудасы, лаңкестік актісінің құрбаны болғандарға да мемлекет тарапынан тегін заңгерлік көмек көрсетіледі. Бұған қоса, асыраушының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянды өтеу бойынша жеке тұлғалар; еңбекпен байланысты денсаулығына келтірілген зиян немесе қылмыстық құқықбұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу мәселесі бойынша жеке тұлғалар; Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер бойынша теңестірілген Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылар, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумағындағы соғыс

қимылдарының ардагерлері, мерзімді әскери міндеттілер, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, зейнеткерлер жасы бойынша, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша тегін заңгерлік қызметке өтініш бере алады. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасылар; табысы аз қамтылған азаматтардың да тегін заңгерлік көмек сұрауына құқылы екенін ескерте кеткеніміз жөн.

Н.ТОҚТАСЫНОВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы



ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІН КІМДЕР АЛА АЛАДЫ?

Сот алаңында азаматтардың бәрі тең. Әрі тараптың өз құқығын қорғауына теңдей мүмкіндік ұсынуға мемлекет тарапынан жан-жақты көңіл бөлінген. Халықтың әлеуметтік осал тобын тегін заңгерлік көмекпен қамтамасыз етуге арнайы қаржы қарастырылады. Өкінішке орай, адвокаттың ақысыз қызмет көрсететінін біреу білсе, кейбіреулер бұл игіліктен мүлде бейхабар.

Адвокаттың тегін заңгерлік көмегін алимент өндіру, зейнетақы мен жәрдемақы

тағайындау, оңалту, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселесі бойынша жеке тұлға-

ҰЛТ БІРЛІГІ

Жақында Батыс Қазақстан облысының Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясына қарасты республикалық Аналар кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Шара аясында «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» тақырыбындағы форум отбасылық құндылықтар мен рухани-адамгершілік тәрбие бағытын қамтыды.

«МӘДЕНИЕТТІ АНА - МӘДЕНИЕТТІ ҰЛТ»



Маңызды іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Аурика Дяк, сенатор Нүрия Ниязова, Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов, Ассамблеяға қарасты Аналар кеңесінің төрайымы Назипа Шанаи, ҚР облыстарының Аналар кеңесінің төрайымдары, облыс, аудандардан келген делегаттар, БҚО ҚХА этномәдени бірлестіктері мен құрылымдық бөлімшелерінің төрағалары мен өкілдері, зиялы қауым мүшелері, БҚО Қоғамдық даму басқармасы мен БҚО ҚДБ «Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлері, сондай-ақ БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шараны облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов ашып, республикалық алқау қатысушыларды құттықтап, форум жұмысына сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, жиын барысында Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің төрайымы, Батыс Қазақстан облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Шалқыма Құрманалина «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» тұжырымдамасын іске асыру жолында орындалып жатқан төрт бағыт бойынша есеп беріп, отбасындағы тәрбие, ананың рөлі тақырыптарын кеңінен талқылады. «Аналар кеңестері біздің ұлттық құндылықтарымыз жаңғыртылып, жас ұрпаққа берілетін өзіндік мектепке айналды. Жаһандану дәуірінде жастар сыртқы әлемге бейімделуге

үмтылатындықтан, басқа елдердің мәдениетінің ерекшеліктерін жақсы түсінеді. Бірақ өздерінің құндылықтарын онша жақсы біле бермейтіні жасыратын жай емес. Сондықтан Аналар кеңесінің мүшелері Қазақстан халқы Ассамблеясының жас ұрпаққа біздің ұлттық құндылықтарымыздың, әдемі де тәрбиелік мәні зор дәстүрлеріміздің мәні түсіндірілетін жобаларына қуана қатысады. Соңғы жылдары үлкендер үшін де, жастар үшін де, әсіресе «Қазақтану», «Төркіндү» сияқты жобалар тартымды болды», – деді Шалқыма Хайроллақызы.

Республикалық Аналар кеңесінің төрайымы Назипа Шанаи, «Сенімен болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігі Батыс Қазақстан филиалының басшысы, педагогика магистрі, халықаралық коуч Шынарғұл Арыстанова, Ұлттық құндылықтар академиясының қауымдастырылған мүшесі, ұстаз, қаламгер, «Сен қалаған әке» рухани-психологиялық кітабының авторы, PhD докторанты Баян Бекетай, Маңғыстау облысы Аналар кеңесінің төрайымы Амангүл Жайылханова отбасы институтының өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, ажырасудың санын азайтуда, жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алудың маңызды рөлі туралы әңгімеледі.

Спикерлердің айтуынша, Аналар кеңестері бүгінде қазақ халқының ұлттық құндылықтарын жаңғыртатын өзіндік мектепке айналған. Жыл сайын белсенді әйел-аналардың отбасылық, рухани тәрбие және медиация мәселелерінің кең ауқымын шешуге

қатысу нысандарының саны артып келеді. Олар әйелдердің құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру бойынша консультативтік-ақпараттық жұмыс жүргізеді, табысты отбасылардың тәжірибесін таратады, қолайсыз отбасылармен әңгімелесіп, қылмыстың алдын алу жұмыстарын жүргізеді, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың басындағы өзекті мәселелерін шешуге қатысады.

Қазақстан халқы Ассамблеясындағы Аналар кеңесі өздерінің іс-әрекеттерінде елімізде жүргізіліп жатқан отбасы-демографиялық саясатын және отбасы институттарын нығайту жұмыстарына қолдау көрсетіп,

өмірлік алға қойған миссиясын өмір жолында түрліше жүзеге асырады. Осы орайда үш жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Сенімен Болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің атқарып жатқан жұмысы зор.

Аналар кеңесі отырысының екінші күні «Салауатты сана» тақырыбындағы отырыспен жалғасын тапты. ҚХА республикалық Аналар кеңесі төрайымының орынбасары Баян Бекетайдың модераторлығымен өткен басқосу барысында спикерлер «Темекісіз» қоғамдық қорының атқарушы директоры, «Темекі түтінінен таза Қазақстан үшін» Ұлттық коалициясының көшбасшысы, ҚР ДСМ Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2023 жылғы «Темекімен күресте қосқан зор үлесі үшін» сыйлығының лауреаты Жәмилә Садықова («Заманауи жаман әдеттер және олармен қалай күресеміз?»), «Есірткісіз болашақ» корпоративтік қорының жетекшісі Жандос Ақтаев («Нашақорлықтың алдын алудағы өңірлік деңгейде жетілдіру мәселесі»), «Сенімен болашақ» республикалық ата-аналар бірлестігінің Батыс Қазақстан облыстық филиалының психологы, педагогика ғылымының магистрі Құралай Шамұратова («Буллинг және оның құрбаны болмау үшін не істеу керек?»), психолог, «Демеу» «Балалық шақ мәселелері бойынша координациялық орталығы»

өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесіне өз үлестерін қосып, олардың бойындағы қазақстандық патриотизмнің дамуына ықпал етеді, қоғамдағы қордаланып қалған әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер, ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту және ұрпаққа өнеге болатын салт-дәстүрімізді заманауи қолдану бағыттары бойынша жұмыс жүргізуде.

Республикалық Аналар кеңесінің кеңейтілген отырысы аяқталған соң, форум делегаттары Оқушылар сарайында болып, «Достық», «Жас сарбаз», «Айбын» үйірмелерінің қатысушыларымен танысты.

Бұдан кейін форум делегаттары Салтанат сарайына жол тартты. Мұнда көп балалы аналармен кездесу өтіп, «Ақ орамал», «Бесікке салу», «Бесік жыры» және «Тұсау кесу» сияқты қазақтың салт-дәстүрлерінен үзінді көрсетілді.

Тағылымды шарада Назипа Шанаи мен Шалқыма Құрманалина болашақ келіндерге ақ орамалдарын тартып, ізгі тілектерін айтса, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, қоғам қайраткері, Орал қаласының, Сырым ауданының Құрметті азаматы, Батыс Қазақстан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мақсот Берген мен Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Аурика Дяк алғашқы қадамдарын жасаған бүлдіршіндердің тұсауын кесті.

Ұрпақ тәрбиелеу – ұлы міндет. Бұл – үлкен, ауқымды тақырып. Ғасырлар бойы адамзатты үнемі мазалаған тақырып. Дегенмен әр адам, әр ата-ана бұл міндетті өзінің құндылығына,

лық-зомбылықпен күрес тақырыптары қозғалып, қазіргі қоғамдағы әйел мен ер адамның рөлі сияқты мәселелер талқыланды.

Жиын соңында Аналар кеңесінің белсенді мүшелерін марапаттау рәсімі жүргізілді. Онда Атырау облысы, Құрманғазы аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Балғаным Хасенқызы «Ел анасы» атағына лайық деп танылса, Павлодар облысы, Екібастұз қаласындағы «Өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығы» ҚМБ басшысы Нағима Әбдірахмановаға «Аялы алақан» номинациясы берілді.

Сондай-ақ, Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы, генерал-лейтенант Е. Ботқановтың бұйрығымен еліміздің өскелең ұрпағына және Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне әскери-патриоттық тәрбие беруге қосқан үлесі үшін Маңғыстау облыстық Аналар кеңесінің төрайымы Аманкүл Жайылханова мен Павлодар облыстық Аналар кеңесінің төрайымы Бақытжамал Максимова Грамотамен, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің төрайымы Нәзіпа Шанаи, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің мүшесі, «Қара шаңырақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Баян Бекетай, Солтүстік Қазақстан облысы Аналар кеңесінің төрайымы Жұлдыз Саттарова «Ұлттық ұлан қызметінің



жеке коммерциялық емес мекеме директорының орынбасары Эмир Дулатов («Ойынқұмарлыққа тәуелділіктің психологиялық аспектілері»), Батыс Қазақстан облысы Полиция департаменті, Жергілікті полиция қызметі басқармасының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі аға инспекторы, полиция майоры Дилера Саттаровалардың («Тұрмыстық зорлық-зомбылық: себептері, салдары және реабилитациядан кейінгі өмір») баяндамалары тыңдалды.

Республикалық Аналар кеңесінің кеңейтілген отырысында соңғы кезеңдегі түрлі бағыттар мен тақырыптарды қамтыды. Онда ұрпақ тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын насихаттау, жасөспірімдердің жеке білім кеңістігі, әйелдердің құқықтары, гендерлік теңдік, тұрмыстық зор-

үздігі төсбелгісімен марапатталды. «Қоғамдық келісім» РМБ директоры Элина Масағұтованың Алғыс хаты «Unisev» компаниялар тобы Бақылау кеңесінің төрағасы Нұрғазы Сатбаев пен БҚО әкімдігі ҚЖБ «Қоғамдық келісім» ҚМБ басшысының орынбасары Махамбет Сұлтанғалиевке табыс етілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілхановтың атынан қоғам қайраткері, мекенат, Қазақстанның іскер әйелдер Өңірлік кеңесінің мүшесі, «Балзия» ЖШС директоры, «Ерен еңбегі үшін» медалімен иеленсе, «Ұлт мақтаншы» белгісінің иегері Балзия Евнеева Алғыс хатпен марапатталды.

Айгүл АХМЕТОВА, «Заң газеті»

ҚАУІПСІЗ ЕЛ

Республика аумағында Ішкі істер министрлігінің ұйымдастыруымен «Погонды журналист» жобасы өтіп жатыр.

Журналистика саласындағы еңбек жолында, әртүрлі басылымда қызмет атқардым. Астанада ІІО Медиа орталығының «Полиция.kz» журналына журналист болып жұмысқа тұрдым. Бала күнімізде полициядан қорықсақ, осы кезден бастап бұл сала қызметкерлерімен етене жұмыс істей бастадық. Олардың қиын қызметтеріндегі талай қызыққа куә болдық, өнегелі істерін елге әйгілеп жүрміз. Жұырда Ішкі істер министрлігінің нұсқауымен «Погонды журналист» жобасы басталғаны жайында айтып, осы жобаға қатысуға Түркістан облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметі мамандары ұсыныс білдірді. Он жылдан бері полиция қызметкерлерінің қызметтері жайлы жазып жүрмін. Бірақ, полиция формасын киіп, жұлдыз таққан арудың рөлін сомдап көрмеппін. Полицияның формасын киіп, иыққа ай күмбезді жұлдызы бар погонды таққан сәтте, сол погонмен бірге үлкен жауапкершілікті арқалағандай болдым.

Жоба шеңберінде БАҚ өкілдері погон тағып, полиция қызметкерінің бір күндік жұмысымен жақынырақ таныса алады. Мүмкіндікті қалт жібермей мен де – Ақпараттандыру және байланыс тобының полиция қызметкері міндетін атқардым. «Погонды журналист» жобасына қатысқан әріптестерімнің басым бөлігі ұчаскелік полиция, тергеуші, криминалдық полиция және тағы басқа да қызметтерді тандапты. Ал мен өз кезегімде полиция қызметінің жұмысын бөлімшеде бақылап, сараптама жасайтындар қатарына қосылғым келді.

Жұмыс уақыты таңертеңгі сағат 08:30-дан басталады. Ақпараттандыру және байланыс тобының полицейлері басшылардан тапсырма ала сала бірден жұмысқа кірісті. Бұл Кентау қалалық жергілікті полиция қызметі басқармасындағы әрбір сақшы үшін күнделікті рәсім. Кейін әркім өзі-

ЖҰЛДЫЗДЫ ПОГОННЫҢ ЖҮГІ АУЫР



не жауапты қызметіне барады. Кентау қалалық полиция бөлімі ақпараттандыру және байланыс тобының технигі, полиция кіші сержанты Сара Ашурова екеуіміз осы бөлімде бір күнде атқарылатын жұмыстар тізімін жасадық.

Аталған бөлімнің қызметі «Есептегі элемент» пункті бойынша әртүрлі санаттағы тұлғаларды дер кезінде есепке қою және оны шығару, есептегі тұлғаның қай жерде екенін белгілейтін ақпараттың бұрмалануына жол бермеу секілді жұмыстар басталды. Бастапқы есепке алудың электрондық құжаттарын дұрыс енгізу және есептен алу мақсатында, «Іздестіру» есебінен «қылмыскер», «із-түзсіз жоғалған», «белгісіз мәйіт», «алимент төлеуші», «мемлекеттік борышкер», «туысымен байланысын үзген тұлға» ретінде республикалық базаға тіркеп, оларды уақыты келгенде базадан шығарып отырады. Учаскелік полиция қызметкерлері, тергеушілер және жедел іздестіру тобының мамандары келіп, республикалық базаға әртүрлі жағдайдағы адамдарды тіркетеді.

Республикалық базаға тіркелгендерді уақытылы тіркеуді қалыптастыру жұмыстарына тексеру жүргізіп, әдістемелік көмек көрсету мақсатында тексеру жұмыстары жүргізіліп отырады. ІІМ-нің «Біріктірілген деректер банкі

қалыптастыру және пайдалану жөніндегі алгоритмін бекіту туралы» 2022 жылғы 14 қыркүйектегі бұйрығының талаптарына сәйкес «Іздестіру» есебінің әртүрлі санаттарында жыл басынан бері 49 адам есепке алынған екен. Оларды атап өтер болсақ; 3 адам хабар ошарсыз жоғалған, 3 адам мемлекеттік борышкер, 2 адам есептен алынды. Ал алимент төлеуші ретінде 15 адам тіркелген, оның 6-ы есептен алынды. Екі адам қылмыскер ретінде тіркеліп, бір адам есептен шығарылған. Туысымен байланысын үзген бір адам есепке алынған. Сигналдық есептің негізгі күдікті санатына 21 адам тіркелген, оның ішінде 12 адам есептен шығарылған. Куәгер санатына 4 адам қойылған. Сонымен қатар, хабар-ошарсыз жоғалған 5 адам, оның ішінде 2 адам қылмыстық іздестіру ісіне аударылған. Ал, белгісіз мәйіт бойынша 1 адам тіркелген. Сондай-ақ, мемлекеттік борышкер ретінде 5 адам, қылмыскер есебіне 3 адам тіркелген. Одан бөлек БДБ-ы сигналдық есебінің негізгі күдікті санатына 11 адам, ал куәгер ретінде 4 адам есепке алынған. Есептегі элемент қатарында 542 адам есепте тұр. Оның УПИ саласымен 356 адам, атап айтар болсақ маскүнем – 223, нашақор – 8, мерзімінен бұрын босатылған – 22, әкімшілік қадағалауға формальді түсетіндер – 18, бұрын сотталғандар – 26, қорғау нұсқама – 12 және ерекше талап қойылған 35 адам тіркелген. Ал, ЮТП саласымен 67 адам есепке алынған, оның өз міндеттерін орындамаған ата-ана – 28 және 39 кәмелетке толмағандар тіркелген.

Сонымен қатар, Пробация қызметімен 67 адам есепке алынған, мерзімінен бұрын босатылған 73-бабымен бір адам, шартты түрде сотталғандар саны 59, бас бостандығынан шектеу жазасына тартылғандар 6, түзеу жұмысы бойынша екі адам тіркелген. Сондай-ақ, криминалды полиция саласымен 62 адам есепте тұр.

Техник маман Сара екеуіміздің тексеруіміз бойынша жыл басынан бері 287 адам есепке

қойылғаны, есепте 240 адам қалғаны анықталды. Сараның көмегімен полиция қызметін атқарған бір күнінде 7 азаматты республикалық базаға тіркедім. Әрине, оларды базаға тіркеу де оңай шаруа емес. Себебі, тіркеуге алынған адамның жеке басын растайтын құжаттыңан қате кетсе немесе базаға қою тәртібін дұрыс таңдамаған жағдайда, база қабылдамайды. Сондықтан да компьютердің алдында отырып әрбір адамның құжатын тексеріп, оны базаға тіркеу инемен құдық қазғандай жұмыстың бірі. Сара маған іздестіру, қорғау және ерекше талап бойынша тіркелген адамдарды есепке қоюдың айырмашылығын түсіндіріп берді.

– Бала кезімнен тәртіп сақшыларының формасына қатты қызығатыным. Қыз бала үшін жауапкершілік жүгі ауыр сала екенін әу бастан түсіндім. Бірақ, сол қиындығына қарамастан өзімнің арманымның шындыққа айналуы үшін осы уақытқа дейін бар күш-жігерімді жұмсаудан аяған емеспін, – дейді Сара Ашурова.

Погонды журналист жобасы аясында көп нәрсені түсіндім. Қазақ елі үшін тәуелсіздікке жету қаншалықты ауыр болса, тәуелсіздікпен тыныстау да соншалықты жауапкершілік екені анық. Ол үшін ең бірінші тыныштық пен татулықты сақтау қажет. Ал, осы қылысты ашуда, қауіпсіздікті қадағалауда полиция қызметкерлерінің еңбегі ерен. Полиция қызметкері болу үшін білім, біліктілік, білек және сабыр, төзім мен қажыр-қайрат керек. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу полицияға керек басты қасиет екенін ұғындым.

Полиция қызметкерлерімен бірге жұмыс жасаған сегіз сағат ішінде тәртіп сақшыларына деген көзқарасым түбегейлі өзгерді десем де болады. Бір күндік полиция қызметкері болу маған қиын соқты, ал, нағыз маман осы қызметпен жылдар бойы айналысады. Қалай десек те, әдемі форма мен жұлдызды погонның жүгі ауыр екен. Жауапкершілігі жоғары бұл қызметке антына адал, өз міндетін абыроймен атқарып, еңбек ете білетін тәртіп сақшылары ғана лайық.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

СУ - ТІРШЛІК КӨЗІ

Кәріз желісіне ағызуға болмайтын қалдықтар және онымен күрес жалғаса береді.

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің су құбыры шаруашылығы қызметін есепке алу жөніндегі инспекторлары ұсақ және ірі қара мал соятын орындардың иелеріне арнайы хабарламалар таратуда. Мал соятын орындарда қан мен жануарлардың басқа да қалдықтарын қалалық кәріз желісіне төгеді, бұл су бұру желілері мен тазарту құрылғылары кешенінің жұмысына кері әсер ететіні айдан анық. Ескерту қағазы кәріз желісіне түрлі улы ағынды қалдықтарды төгетін барлық кәсіпорындарға да беріледі.

«Елді мекендердің су бұру жүйелеріне сарқынды суды қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 546 бұйрығының 10-тармағына сәйкес, елді мекеннің шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суымен қоса, тазартуға жататын өндірістік сарқынды суды желілер мен су бұру жүйелеріне жіберуге рұқсат етіледі. Алайда, желілер мен құрылғылар материалына, су бұру жүйелеріне деструктивті әсер ететін сарқынды қалдықтарды төгуге қатаң тыйым салынады. Оның ішінде: мал сою алаңдары мен ет өңдеуден шыққан кез келген қатты қалдықтар,

ішек-қарын, ұйыған қан, тері мен терінің өңдеу қалдықтары, мал шаруашылығы, аң шаруашылығы және қу шаруашылығының қалдықтары, соның ішінде нәжісін желіге төгуге болмайды!

Су бұру желісіне тыйым салынған заттарды төгетін заң бұзушылардың әрекеттері халықтың санитариялы-эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы заңнама талаптарының бұзылуына әкеп соғады. «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» ҚР кодексінің 425-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасының халықтың санитариялы-эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы заңнамасының, сондай-ақ адам денсаулығына зиян келтірмейтін гигиеналық нормативтердің, техникалық регламенттердің талаптарын бұзу жеке тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Коммерциялық емес ұйымдар – орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – мың алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде» айыппұл салынады.



Тыйым салынған заттарды кәріз желілеріне заңсыз ағызу жоғарыда аталған заңдардың талаптарын өрескел бұзу және ережелер нормаларын сақтамау болып табылатынын еске саламыз. Тиісінше, «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 27.12.2018 жылғы №204-VI заңының 26-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС тұтынушылардан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектісі белгілеген техникалық талаптардың сақталуын талап етуге құқылы. Заңның 27-бабы 2-тармағының 6-тармақшасына сәйкес, тұтынушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектісі белгілеген техникалық талаптарды орындауға міндетті. «Елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 163 бұйрығының 30-тармағына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушінің анықталған ақаулар мен заң бұзушылықтарды жою жөніндегі

жазбаша талаптары орындалмаған жағдайларда, қызмет көрсетуші тұтынушы хабардар ете отырып, сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі қызметтерді ұсынуды үш күннен аз уақыт ішінде ішінара немесе толық тоқтатады. Біздің талаптарымыз орындалмаған жағдайда, барлық жосықсыз әрекеттерді сот деңгейінде шешуге болатынын тұтынушыға жеткізе отырып, Шарттың 10-шы тарауының 42-тармағына сәйкес, мәселені сот тәртібімен шешу құқығын өзімізде қалдырамыз. Сондай-ақ, № 163 бұйрықтың 30-шы тармағына сәйкес, орталық сумен жабдықтау желісінен жеке су құбыры ажыратылып, кәріз желісіне тығыздарды орнату арқылы сумен жабдықтау және су бұру қызметі тоқтатылады.

СМАРТФОНДЫ ПАЙДАЛАНА БІЛІҢІЗ

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС басқармасына келетін абоненттер саны бұрынғыға қарағанда айтарлықтай азайған. Оның себебі бар, таңғалуға да болмайды. Кәсіпорын тұтынушыларға қызмет көрсетуде сандық құралдарды тиімді пайдалануға басымдық береді. Нәтижесі жақсы. Көп мәселелерді қашықтан шешуге болады. Мысалы, жеделхат мессенджеріндегі виртуалды көмекші (сілтемесі: wrm_bot). Оны пайдалану да оңай. Көпфункционалды деуге болады: электронды түбіртек арқылы шоттағы балансты біліп отырасыз және тиісті төлемді жасай бересіз. Тағы бір маңызды функциясы – көрсеткіштерде қате кетсе, түзету мүмкіндігі бар. Тұтынушы чат ботта

ай сайын қанша су тұтығанын және оның төлем көрсеткіштерін көре алады. Егер бақылаушы-инспектор базаға суды есептеу құралының көрсеткіштерін дұрыс енгізбеген болса, онда тұтынушы су өлшегішінің суретін түсіріп, оны чат-ботқа жіберуі керек. Біздің оператор аз уақыт ішінде қажетті түзетулерді енгізеді, төлем құжаттарындағы деректер жаңартылады.

Кәсіпорынның дилерлік учаскесіне немесе әкімшілігіне бұған дейін тұтынушылар келісімшартты қайта түзу және жылжымайтын мүлік иесі ауысқанда құжатты қайта тіркеуге баратын. Қазір осының бәрін үйден шықпай-ақ онлайн жасауға мүмкіндік бар. Уақытыңызды босқа кетірмейсіз. Сумен қамту және шайынды су бойынша қызмет көрсетуге келісімшартты қайта жасап, дербес шотты қайта ресімдеуде «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің ресми сайты пайдаланған дұрыс (электронды мекенжайы: wrm.kz). Ең бастысы – ЭЦҚ және дербес компьютеріңіз болса болғаны. Бүкіл процедура аз ғана уақытыңызды алады.

Мәселелерді қашықтан шешуде әлеуметтік желілерді де пайдалана аласыз. Компания интернет кеңістігінде де белсенді жұмыс істейді. Келіп түскен өтініштерге талдау жасау және күрделі мәселелер тудыратын тұстарды қарастыру жүйелі жүргізіледі. Сондықтан, сізде қандай да бір сұрақтар болса, whatsappқа жазыңыз: +77057581111. Немесе кәсіпорынның әлеуметтік желілеріне жазыңыз. Жауап беріледі.

БОС ОРЫНДАРҒА ҮМІТКЕРЛЕР ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР ІІМ Қызылорда облысы «мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы Төлебаев көшесі, 39, анықтама тел. 8 (7242) 27-80-86 факс, 8 (7242) 26-33-69, эл.мекен жайы usso.shtab-kzo@mvd.gov.kz бос орындарға үміткерлерді қабылдауға хабарландыру жариялайды:

№	Лауазымы	Санаты	Лауазымдық жалақы	Лауазымдық жалақы +30% экологиялық төлем
1	Полицей	C-SV-12	106 713 ТЕНҒЕ	138 727 тенге

1. Саптық бөлінісінің полицейі (C-SV-12) (қатардағы және кіші басшы құрам)

Функционалдық міндеттері: Қылмыстық және өзге де қолданылатын қызметті тиіс объектілердің қауіпсіз жұмыс істеуін күзет (режимдік) іс-шараларын жүзеге асыру жолымен қамтамасыз ету, бекет аймақтарында және патрульдеу бағыттарында полицияның кешенді күштері құрамында қоғамдық тәртіпті сақтауды және құқық бұзушылықтарға қарсы күресті қамтамасыз ету. Ішкі істер органдарының басқа бөлімшелерімен қылмыстар мен әкімшілік құқықбұзушылықтарды ескерту, анықтау, жолын кесу бойынша өзара іс-қимыл жасасу.

Кандидаттарға қойылатын негізгі талаптар: білімі орта, бойы 170 сантиметрден кем емес, жасы 35 жастан жоғары емес, талапқа сәйкес білімі, жедел әскери қызметінен немесе әскери-техникалық мектебінен өткен. Осы категория бойынша өтінім берген азаматтардың зейнетақы алуға жеткен жаста (қырық сегіз жас) ішкі істер органдарындағы еңбек өтілі үздіксіз жиырма бес жыл болуы тиіс.

Қызылорда облысы МКҚБ ІІМ-нің кадр саясаты бөлімі

ӨРТҮРЛІ

5. «Проектная Компания Квант-1» ЖШС, БСН 911240001176, «Шындау» ЖШС, БСН 061040005093, ұйымына қосылу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Махамбет көшесі, 116Е үй. Тел.: 87711774900.

6. «TTI Group» ЖШС (БСН 170540021102) және «SAN International» ЖШС (БСН 221040020943) өздерінің бірігуі арқылы қайта құрылатыны және үшінші компания – «TG Holding» ЖШС-нің құрылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Райымбек, 494Б.

14. «Строительная Корпорация «Кулагер» ЖШС, БСН 030440001087, жарғылық капиталының 100 000 (жүз мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Дулатов көшесі, 189. Тел.: 87172708881, 708882, эл.почта: kulager@list.ru

25. Қостанай облысы МАЭС-ның 2023 жылғы 26 қыркүйектегі ұйғарымымен «Стройметсервис-2007» ЖШС-не қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 70.

26. Хабарландыру

«Жамбыл-2030» ЖШС-ы құрылтайшыларының /қатысушыларының/ назарына:

Ботабаев Гани Тенизбаевичті серіктестіктің басшысы етіп сайлаған жиналыс хаттамасын, қазіргі таңда заңсыз деп тану жөнінде сотта қаралып жатқанын хабарлаймыз.

Серіктестіктің атқарушы органы

ТАРАТУ

2. «Zemprojekt Fati» ЖШС (БСН 220640051170) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм а/о, Мойынқұм ауылы, Қ.Қабышев көшесі, 3/2.

3. «Empire Realty» ЖШС, БСН 230340019454, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бұқар жырау бульвары, 66 үй. Тел.: 87019524567.

4. «EllyFamily» ЖШС, БСН 190440038652 (Қазақстан, Астана қаласы, Есіл ауданы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 12/1 үй, 133 пәтер), өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, әл-Фараби даңғылы, 23-12. Тел.: 87775558602.

7. «Audio BURAU» ЖШС (БСН 140540007270) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 92/87 үй, 67 пәтер.

8. «ЖезқазғанВторКом» ЖШС (БСН 140440015149) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, 8 Март көшесі, 5 үй.

9. «Боранды 21» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 210140008428, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 080030, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылы, А.Байтоқов көшесі, 11 үй. Тел.: +77079892690.

10. «Болашақ 2021» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 210140008478, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 080030, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылы, Жібек жолы көшесі, 6В үй. Тел.: +77079892690.

11. «Байтерек 21» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 210140008448, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 080030, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылы, Көктем көшесі, 17 үй. Тел.: +77079892690.

12. «CleanSnap» ЖШС, БСН 160640011751, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050050, Алматы қаласы, Лобачевский көшесі, 78, тел.: 87272336657.

13. Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Подгорное ауылы, Школьная көшесі, 1 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Подгорное ауылының «Балауса» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны, БСН 061040006319, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Абай көшесі, 33Б. Тел.87163579077.

15. «KAZ CHEMICAL SERVICE» ЖШС, БСН 220140022930, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Тастыбұлақ» ықшамауданы, Таутаған, 32 ғимарат. Тел.: 87007707763.

16. «Алтын-Алан» ЖШС, БСН 050540008844, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Ататүрік көшесі, 167, индекс 161200. Тел.: 87029275750.

17. Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Беловод ауылдық округі, Перекатное ауылы, Киров көшесі, құрылыс 9А мекенжайы бойынша орналасқан «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Перекатное ауылының «Болашақ» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, БСН 040440007018, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Абай көшесі, 33Б. Тел.: 87163579077.

18. «Каз транс синтез» ЖШС, БСН 080940002260, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 40 үй. Тел.:87759703630.

19. Шығыс Қазақстан облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Облыстық Достық үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (БИН 990540002890) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады: Жаңды мекенжайы: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 63.

20. «ВЦМ Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 170140020566, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 үй.

МҰРАҒЕРЛІК

21. 13.03.2023 ж. қайтыс болған Борибаев Жалғасбек Нахмадиновичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері нотариус С.И. Байғазиновке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, «Ақмешіт» ықшамауданы, 26/2 үй. Тел.: 87084408317.

22. 29.04.2023 жылы қайтыс болған Ерғешов Ойбек Холбоевичке қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлерінің және мүдделі тұлғалардың Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, С.Тоймаханов көшесі, 19 үй, мекенжайы бойынша орналасқан жеке нотариус Молдалиева Ақтолқын Кошкарбаеваға хабарласуы керек. Тел.: 87771152555.

23. 11.04.2023 жылы қайтыс болған Қайыпбергенов Бақтығали Кәрімұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиели кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

24. 01.04.1994 жылы қайтыс болған Молдабаев Төлеудің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиели ауданы, Шиели кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

Алматы қалалық сотының басшылығы, Алматы қаласы бойынша Сот әкімшілігі департаменті мен Судьялар одағының Алматы қалалық филиалы, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Бегалиев Бақытбек Әділханұлына бауыры

Қайрат Әділханұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақтаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақтаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., С.Сүтісов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новосел

БАЙҚАУҒА!

(Жалғасы. Басы №74 санды)

Жанына барып қарап еді, шағын келсаптың келтегі екен, жуан басы қызыл-қоңыр.

– Осымен ұрған болды, – деді Фабит. – Мынау қан.

Сосын Қалимаға қарап: – Жеңеше, бір шүберек тауып бересіз бе? – деді. Қалима тамақ орап әкелген сәтенін алып келіп еді, келтекті соған мұқият орап, ұйқысы қанып, зерігіп отырған шопырды шақырды да, көлікке салып қоюды тапсырды.

– Мынада қылмыскердің саусақ ізі бар болуы мүмкін, абайлап ұстаның...

Сыртты ет асым уақыттай зерттеген соң дәптеріне әлденені түртіп жүрген Фабит ішке бет алды. Қалима екеуі ілесе кірген. Өткендегі иіс шала кетіпті, көрпе-жастық қан-жоса күйі шашылып жатыр. Мына көріністі көрген Қалиманың жүрегі тағы қозғалды, бетін басып, бебеулей жылап қайта далаға атып шыққан. Жандарым-ай, – деп күнірене жоқтағаны естіліп тұр. Әсет пен бала-шағасы қаза тапқан соң жұмыс тұрып қалмасын деп директор орталыққа Бейбіт деген жігітті уақытша жіберген екен. Ол мұнда жолағанға қорқатын секілді, екінші киіз үйден шықпайды. Кешке қарай атына мініп, он шақырымдағы ауылға тартып отырады.

Кеше бұл жолай соғып, ертең милиция келеді дегенде «Аға, сіз күні бойы осы жерде жүретін болсаңыз, мен ертең келмей-ақ қояйыншы, жаным тіртіркеніп жүр. Солярка-керосин сұрағандар болса, ана бөшекелерден алар» – деп бұлар таңда көлеңкесінде отырған киіз үйді меңзеген. Бейбіттен басқалар да бір әулеттің жаны шыққан маңға жуығанға қорқақтайтын секілді, жермай сұрап келген ешкім жоқ.

– Әсет мына тұста, әйелі төрде жатты, ә, аға?

– Иә, – деді бұл ақырын ғана.

– Сонда қылмыскердің келгенін біліп, Әсет есікті ашқан ғой...

– Солай шығар. – Жанәсіл Фабиттің ойын түсіне алмай тұр. Қысыны келіп тұрса бұдан несіне сұрайды.

– Демек... ол бірінші Әсетті өлтірген, бірнеше мәрте пышақ сұққан кезде қарсыласып та ұлгермепті... демек... сөйлесіп тұрып салған, – Фабит бұның жүзіне барлай қарады. – Екеуі жақсы таныс болған. Өте жақсы таныс...

Капитанның «Мынаны жақсылап тексер» деген сөзі ойына сап ете қалған Жанәсілдің миы шың ете қалған. Мына бала қайда апара жатыр, бастығының ығына жығылып тұр ма, сығыра қарап не айтқысы келеді? Көп ой денесін тітіркентсе де, сыр бермеді.

– Әсет құлаған соң, әйелі шыңғырып жүргірген, сол кезде ол мына жердегі келтекті алып, салып қалған. – Фабит босағанын оң жағында тұрған кішкентай келден әлдене алғандай болып, сермеп қалды. – Келіншек әуелі шалқасынан құлаған, сосын еңбектеп ары қашқан. Сол кезде қылмыскер бірнеше рет басынан ұрған.

Ол тағы бірнеше мәрте қолын сермеді.

– Ал, одан кейін... – Фабит манежге бұрылып, тұрып қалды. – Осы жері түсініксіз. Балаға неге тиісті?

Ол тағы бұған қараған.

– Соны біз де түсінбейміз, үлкендерді өлтірсін делік, кішкентай балада несі бар? Дені сау адамның ісі емес қой.

Фабит үндеме дегендей саусағын шошайтты.

– Сау емес... Дұрыс айтасыз, сау адамның ісі емес! – Ойланған күйі бұған қарады. – Сіздің логикаңыз мықты, Жанәсіл аға, өте мықты. Таң қаламын.

Жанәсілдің бойын тағы бір түсініксіз діріл кезген.

– Баланы неге өлтірді? – деді Фабит кенет сұстанып. – Неге өлтірді?

– Немене? – Жанәсілдің ашуы бұрқ еткен.

– Жо-жо, аға, ренжімеңіз, – деді Фабит жұлып алғандай. – Қылмыскерше ойлап көріңізші, түн ішінде, қарақөлеңкеде баланы не үшін өлтіресіз, көрсе

де, таныса да ештеңе айтып бере алмайды ғой? Не үшін?

Фабит бұған қараған: – Бала қалай жатты, есіңізде ғой, шалқасынан, иә?

– Иә.

– Қолмен қылқындырмаған, аузын алақанмен баспаған, өйтсе мойнында, бетінде із қалар еді...

Фабит манеждің аяқ жағында жатқан құсжастықты алды. Содан соң ағаш бесікке төніп, тұншықтырғандай болды.

– Міне, бы-

МОЛАДАҒЫ МАНЕЖ

лай. Итеріп құлатып, жастықпен баса салған!

Фабиттің өңі қуарды, жастықты тастай сала сыртқа шығып кеткен. Лейтенанттың айтуымен бір түннің сұмдығын көз алдынан өткізген Жанәсіл состиып біраз тұрып қалды. Бұл сыртқа шыққанда Фабит бір тізерлеп қойын-дәптеріне жазу жазып отыр екен.

– Бүгінге болар, аға, – деді басын көтерместен. – Қылмыскерді бұл маңнан іздеп уақыт жоғалтпайын...

Қылмыс болған түні біраз шопанмен тілдескен Фабит тұжырым жасаған секілді. Блокноттың бетін парақтап, бір тұсын бұған көрсетті:

– Өткендегі із мынау ғой, суретін салып алғаным қандай жақсы болған. Сарапшы ерте кетпесе, гипс құймасын да жасап алар еді, енді осыны місе тұтуға тура келеді. – Фабит өкінгендей болды. – Еске сақтап алыңыз, кім білсін, осы маңға тағы бір келер...

Жанәсіл блокноттағы бірнеше сызыққа бірдеңе ұғатын адамша үңілді. Әйтеуір көшкенде мінетін Газ-69, Зил-дардың жер жентектеп қалдыратын ізіне ұқсамайды.

– Жеңіл көлік. Не, Жигули, не Москвич, – деді лейтенант жымып.

Жанәсіл жас милиционердің адам ойын сан құбылтып, оның ойлағанын оқи алатын зердесіне сүйінді. Қалима екеуі оны шығарып салып, аттарына мініп, өздері отырған беткейге қарай жүріп кеткен.

* * *

Келер таңда бұл малды өріске жіберіп, көмекшіге біраз тапсырма беріп, түнде алдына салынған аздаған жем-шөппен тұрған торыны қайта ерттеді. Кеше Фабитпен қоштасқан кезде бір ой түйіп еді, соны тексеріп көрмек. Біссімилда деп атына жеңіл қонған соң батысты бетке алып, жүріп кетті. Бір колхоздың малшылары таудың беткейін, сай-саласын арасы 5-6 шақырымнан ала қоныстанады. Тау ішіне кірген көлік болса, солардың бірі көрмеуі мүмкін емес. Атты кинамай аяндап отырып Кенбұлақтағы Ерменнің үйіне барып еді, өзі жоқ, қатын-баласы ғана бар екен. Аздап сөйлесіп, шайға қарамастан нан ауыз тиді де, қайта атқа қонды. Бұл үйге бергі он күнде қонақ келмепті. Ешқандай көлік те көрмеген. Басқасы орталықтан тым алыс, бірдеңе біле қояр ма екен деп, ойланып тұрды да, сол тұстағы саймен орталыққа қарай беттеді. Сай аузына жете бергенде ат тізгінін кілт тартып, тұра қалған. Көзі алдампапты. Майда шөпті жапырған қос сызық келесі шаттағы Қотырбұлақтан бері сызылып жатар. Бір тұс көрінеді, бір тұс көрінбейді. Жанәсіл әуелі өз бағыты – төмен қарай жүрді. Із бір шақырымдай жоғары жатқан орталыққа апаратын қара жолға барып қосылып, жоғалды. Содан, жоғары, бұлақ басына қарай ат басын бұрды. Өзіне әкелер сайы ғана жайдақ, арғысы кедір-бұдырлы қожыр тасқа айналатын Қотырбұлақтың басында аздаған тал-дарақ, бір-екі түп қайың бар, жайлауға келген соң көрші шопандар сол жерге жиналып, бір қозының басын мұжитін кейде. Одан кейін қарбалас тірлік басталып, бұл жер елеусіз қалатын. Тау ішінде қайнар, бастау көп болғандықтан, мұнда мал суаратындар да кем. Басы ауған жаққа өретін аяқты түлік болмаса, ұсақ тұяқты қойшылар етекке қарай жаймайды. Оларды шөбі қалың бет-

кейге салып қойып, биіктегіні үйден көздеп отырған әлдеқайда оңай. Із тура Қотырбұлаққа алып келе жатыр. Төтесінен салсаң орталыққа дейін бес шақырым шамасы, кей тұсы тастақ адыр-адырмен салт жүрген адамға бір сағаттай жол. Ал саймен қуаласаң ол қашықтық тағы үш-төрт шақырым ұзарды.

Жанәсіл бұлақ басында түсіп, атын бұтаға байлады. Содан мөп-мөлдір суға беті-қолын жуып, мойнына су жү-

нен не иә, не жоқ дегенді байқай алмады. Естімеуі мүмкін емес деп ойлады Жанәсіл. – Сол сұмырайлардың ізі мына Қотырбұлаққа әкелетіндей, ол маңнан суыт жүрген адам, көлік көрмедіңіз бе, Қалеке?

– Е, жоғ-а, ол жақта нем бар? – Қалиақбар сұрайтын нәрсені тапқан екенсің деген кейіппен ежірейе қарады.

– Әсет байғұстың әйелі мен баласын да өлтіріп кетіпті,



– деді Жанәсіл мынаған әсер етер дегендей. Қалиақбардың аузынан обал болыпты-ау деген сөз шықпады.

– Жарайды, Қалеке, сіздің сиырларыңыз сол бұлаққа түсіп жүрген соң бірдеңе байқады ма, – деп келіп едім. Бұл шылбыр-тізгінін реттеп атына мініп жатқанда Қалиақбар бопты дегендей қолын бір сілтеді. Иттері абалап шығырып салған.

Келген ізімен кері кетіп бара жатқан Жанәсіл кенет атын аңдайда жатқан ақтылы қойға қарай, өрге салды. Төмен қарап еді, киіз үй мен жаппаның ортасында бұның ізінен қарап қалшып тұрған Қалиақбарды көрді. Кескін-келбетіне көзі жетпесе де, жақтырмай тыржиып тұрғанын елестетіп, басын бір шайқап, тебінді. Бұл қиялай жүре отырып, дәу тебенің басына атын шалдырып қойып, аткөрсесін төсеніп жатқан көмекші шопанның дәл тұсынан шыққан. Мұны көрген Ермек атып тұрып, қос қолын соза амандасты.

– Қайдан жүрсіз, аға? Мана үйге бара жатқаныңызды алыстан байқап, торы атты шамалап едім, жаңылмаппын, – деп мәз. Әуелі атын, сосын ғана адамын танитын малсақ қазақтың ескі әдеті ғой. Жанары жылтыраған көмекшінің зеріккені көрініп тұр.

– Бір шаруамен Қалекеңе жолығып едім, жөнді жауап ала алмадым, – деді бұл ер басына сүйеніп.

– Енді ол кісіні білесіз ғой... қызық адам өзі... – деді Ермек аттағы бұған шалқая қараған күйі ыржиып. – Не шаруа еді?

– «Мына Қотырбұлақ басынан бөтен адам байқамадыңыз ба?» деп сұрағам. Жоқ деп қысқа қайырды. Мүмкін сен бірдеңе білерсің? – деді Жанәсіл бозбалаға сығыра қарап.

– Білгенде енді... бөтен ешкімді көрмедім.

Жанәсіл бұның күмілжігенінен күмән алды.

– Сонда?

– Енді... – көмекші шопанның түрі

бұзылып сала берген. – Айтпа деп еді, аға?!

– Кім?

– Жеңең біліп қойса менің басымды, ал мен сенің басыңды жұламын деп еді...

– Кім деймін? – Жанәсіл ақырып жібергенін байқамай қалды.

Бозбала төмен қараған.

– Әй, – деді Жанәсіл. – Сен орталықтағы қырғынды естідің бе?

– Иә, өткенде шет жағасын естігем, барып келетін деп едім Қалиақбар аға жібермеді.

– Естісең, Әсетті солар өлтірген болуы мүмкін...

– Астапыралла! Олай деменіз, аға, ол кісілер өйтпейді.

– Қай кісілер?

– Зоотехник аға, бетбрас бар, тағы бір бөтен адам бар. Екі сұлу қыз бар...

– Қыз?

– Иә, аға, ауылдағы Бәтима тәтенің қызы ше, біреуі сол. Мә, сұлу ғой. Барсам бәрі тойлатып отыр, қыздар мас, былқ-сылқ етеді, – бозбала жаңағының бәрін ұмытып бір қиялға беріле бастаған.

– Қандай көлік? Жеңіл мәшине ме?

– Аха, – көмекші басын шұлғыды.

– Жигули, москвич?

Ермек күлді:

– Ой, ондайыңызды білмеймін, аға.

Менен қасқа сиыр қашан туады, қара саулықтың қозысын қашан ит-құс алды дегенді сұрасаңыз, зулаймын.

Ал жегули, мәскібішіңізді білмеймін, әйтеуір, бұрын ол көлікті көрмеппін. Ой, тойлайды, а, аға, бастықтар?! Ана екі сұлуды айтсаңызшы...

Жанәсіл оның сөзін шала естіді, ойы басқа еді, осынша адам жүріп анадай қылмыс жасауы мүмкін емес, жасаса да осы уақытқа дейін бір сыбыс шығар еді. Бір адам білсе – құпия, екі адам білсе – жария. Демек, қылмыскер басқа. Сонда бұл күні бойы босқа салпақтаған болып тұр. Фабиттің де бір жұмасы далаға кетті.

– Жарайды. Жақсы, – деді жіп ұшынан айырылғанына көңілі нілдей бұзылған бұл атын тебініп.

– Аха, жақсы, – деді таңдайы енді қызып келе жатқан бозбала аңтар-рылып.

Жаландағы жалғыздықтан бір сәтке құтқарған адамның кеткенін қаламайтындай, үнінде қимастық бар.

– Қап, – деп ойлады Жанәсіл торы атты ілбітіп бара жатып. – Қап, уақыт шығын болғаны-ай. Қызметтегі адамдар қылмысқа бармайды. Сонда да... сол күні ол көлік орталыққа барғаны анық қой... не үшін барды? Кімді көрді? Бұны қалай да Фабитқа айту керек. Ол жігіт пысық, бәрін тез анықтайды...

* * *

Көңілі жай таппаған Жанәсіл келесі таңда ішкі істер басқармасы алдында сенделіп, Фабитты тосып жүрді. Жұмысқа келе жатқан жігітті анайдан көріп алдынан шыққан.

– О, Жанәсіл аға, ассалаумағалейкүм. Қайдан жүрсіз? – деген жігіт жайдары.

– Сені іздеп келдім, білгенім бар еді...

Екеуі ішке кіріп, баяғы тар кабинетте тілдесіп, бұл екі күнде естіген-білгенін түгел жіпке тізгендей етті.

– М-м, ауданда көлік көп емес қой, мен де өткеннен бері тізім бойынша ақырындап машиналарды қарап жүрмін, – деді Фабит бір қағаздарын асығыс қарап. – Сіз айтқан зоотехник Белгібаевтың шынымен ескі москвичі бар екен, қашасының ішінен көргем. Дөңгелегі тозып, қаңқасы құрап тұр. Ол емес. Ал ветврачтың машинасы жоқ.

Екеуі қайта тығырыққа тірелгендей болды. Фабит ернін жымырып біраз отырды да, оқыс телефонға жармасын. Аңтарыла қараған бұған көзін қысып қойды. Тұтқаны ұстап құлақ түріп отырып, бір мезетте:

– О, Әсел, сәлем, – деп даусын соза әлдекімнен амандасты. Арғы жақтағы қыз өкпе айтып назданды ма, бұл: «Ой, сені қалай ұмытамын, просто қол тимей жүр, кездесеміз ғой... әрине, әрине...» – деп жатыр.

Серік ӘБІКЕНҰЛЫ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankl@zangazet.kz
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5564 дана
Апталық таралым 11 128 дана
Тапсырыс №149 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрілігі берген.
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31